**27 наурыз 2024**

**«Эйр Астана» акционерлік қоғамы**

**Pratt & Whitney өтемақы туралы келісім**

**Флотты жаңарту**

Табыс пен флот бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы әуекомпаниялардың ең ірі тобы «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және FlyArystan еншілес компаниясымен бірге «Топ») Pratt&Whitney компаниясымен GTF neo қозғалтқыштарының қолжетімділігіне қатысты Топ қызметіне әсер еткен мәселелер бойынша өтемақы және басқа да қолдау алу туралы келісімге қол жеткізілгенін қуана хабарлайды. Топтың Pratt & Whitney-мен келісімі, оның ішінде ұзақ мерзімді техникалық қызмет көрсету келісімшарттары шығындар мәселесін шешуге көмектеседі және осы мәселелерді тұрақты шешуге бағытталған Топтың сенімді операциялық бастамаларының ауқымын толықтырады.

Топ сонымен қатар IAE компаниясымен алтыншы қосалқы PW1100 қозғалтқышын сатып алу туралы келісімге отырды. Бұл қозғалтқышты жеткізу Топтың қозғалтқыш ақауларын азайту жоспарына сәйкес 2024 жылдың сәуір айына жоспарланған.

В дополнение к ранее объявленному плану развития парка воздушных судов, FlyArystan заключила соглашение о лизинге двух самолетов A320ceo с поставкой в первом квартале 2025 года.

Әуе кемелері паркін дамытудың бұрын жарияланған жоспарына қосымша, FlyArystan 2025 жылдың бірінші тоқсанында жеткізу шартымен екі A320ceo ұшағын жалға алу туралы келісімге отырды.

**Қосымша ақпарат алу үшін:**


| | |
|---|---|
| **«Эйр Астана» Тобы** | |
| Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс қызметінің басшысы) | investor.relations@airastana.com<br>+7 727 258 41 36 |
| Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президенті) | media@airastana.com<br>+7 727 258 41 35 |
| **Instinctif Partners** («Эйр Астан» тобының инвесторлармен байланыс және PR жөніндегі кеңесшісі**)** | airastana@instinctif.com |
| Damian Reece | +44 7931 598 593 |
| Joe Quinlan | +44 7493 867 439 |
| Vivian Lai | +44 7493 867 459 |


**«Эйр Астана» тобы туралы**

«Эйр Астана» компаниялар тобы - кірісі мен әуе паркінің көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуе компаниялар тобы. Топ 2002 жылы алғашқы рейсін жасаған толық қызмет көрсететін «Эйр Астана» әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған FlyArystan лоукостері арасында бөлінген 50 ұшақ паркіне ие. Топ орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа бойынша ішкі, аймақтық және халықаралық бағыттар бойынша жоспарлы, белгіленген пункттер арасында және транзиттік, қысқа және ұзақ мерзімді әуе тасымалын және жүктер тасымалын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» он бір рет Skytrax World Airline Awards марапатында «Орталық Азия мен ТМД аумағындағы үздік әуе компаниясы» атанып, Жолаушылар әуе компаниялары қауымдастығының (APEX) ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Топтың құнды қағаздары Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында орналастырған (биржалық код: AIRA).